

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ

ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету қағидасы

Б е к і т і л д і

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2018 жығы 16 қарашадағы сырттай
дауыс берудің № 83 (з) хаттамасы
2019 жылғы 1 қаңтардан бастап
қолданысқа енгізілді

Алматы қ.

2018

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерістер:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2019 жылғы 4 мамырдағы сырттай дауыс берудің № 39 (з) хаттамасы);
- 2019 жылғы 25 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1-тарау.	Жалпы ережелер	5
1-бап.	Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, сөзбен берілген түсіндірмелер	5
2-бап.	Санақ комиссиясының қызметін көрсететін заңды тұлға	7
3-бап.	Санақ комиссиясының қызметі көрсетілетін жалпы жиналыстар	8
4-бап.	Орталық депозитарийдің күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясы ретіндегі функциясы	8
5-бап.	Орталық депозитарийдің сырттай өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясы ретіндегі функциясы	9
6-бап.	Орталық депозитарийдің аралас жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясы ретіндегі функциясы	10
7-бап.	Электронды дауыс беру жүйесі	10
8-бап.	Санақ комиссиясының қызмет көрсету тәртібі	11
2-тарау.	Санақ комиссиясының қызмет көрсетуге Орталық депозитарийдің келісін алуы	11
9-бап.	Жалпы ережелер	11
10-бап.	Өтініш	11
11-бап.	Өтінішке қоса тіркеуге жататын құжаттар	12
12-бап.	Өтініштерді қарау	12
13-бап.	Орталық депозитарийдің өтінішке сәйкес санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім беруден бас тарту үшін негіздеме	14
14-бап.	Құжаттар алмасу әдістері	15
15-бап.	Жалпы жиналыс бастамашысының ерекше міндеттері	16
3-тарау.	Санақ комиссиясының кейбір функцияларын жүзеге асыру ерекшеліктері	17
§ 1.	Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс	17
16-бап.	Жалпы жиналыс бастамашысының санақ комиссиясының қызметін алуға дайындалуы бойынша міндеті	17
17-бап.	Жалпы жиналысқа қатысуға келген тұлғалардың өкілеттігін тексеру ерекшеліктері	18
18-бап.	Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу ерекшеліктері	18
19-бап.	Жалпы жиналыс кворумының болуын немесе жоқтығын анықтау ерекшеліктері	18
20-бап.	Жалпы жиналысқа қатысушылардың дауыстарын санау ерекшеліктері	20
§ 2.	Сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс	20
21-бап.	Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер бланктерін жасау ерекшеліктері	20
22-бап.	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдау ерекшеліктері	21

23-бап.	Жалпы жиналыс кворумының болуын немесе оның жоқтығын анықтау ерекшеліктері	22
24-бап.	Жалпы жиналысқа қатысушылардың дауыстарын санау ерекшеліктері	22
§ 3.	Күндізгі тәртіппен құпия немесе сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньді жарамды немесе жарамсыз деп тану	23
25-бап.	Күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньді жарамды немесе жарамсыз деп тану	23
26-бап.	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған қағаз бюллетеньді жарамды немесе жарамсыз деп тану	23
27-бап.	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньді жарамды немесе жарамсыз деп тану	25
§ 4.	Жалпы жиналысты құжаттау	26
28-бап.	Өткізілген жалпы жиналысты құжаттау ерекшеліктері	26
29-бап.	Өткізілмеген жалпы жиналысты құжаттау ерекшеліктері	26
30-бап.	Жалпы жиналыс хаттамасына Орталық депозитарий қызметкерлерінің қол қою ерекшеліктері	27
4-тарау.	Басқа ережелер	27
31-бап.	Санақ комиссиясының қызметін төлеу	27
32-бап.	Қорытынды ереже	28
Қосымшалар		
1-қосымша.	Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысу үшін елген тұлғалар өкілеттігін тексеру алгоритмі	29
2-қосымша.	Өткізілген жалпы жиналыс құжаттары жиынтығының құрамы	31
3-қосымша.	Өткізілмеген жалпы жиналыс құжаттары жиынтығының құрамы	35

Осы Қағида "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) қызмет көрсету тәртібі мен шартын айқындайды.

Осы Қағида Орталық депозитарийдің қағидалар жинағының (бұдан әрі – Қағидалар жинағы) құрамдық және ажырамас бөлігі болып табылады.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, сөзбен берілген түсіндірмелер

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасымен және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына Кіріспе" Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен анықталған ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер пайдаланылады.
2. Осы Ережеде пайдаланылатын басқа шартты (қысқартылған) белгілер төмендегілерді білдіреді:
 - 1) **"сырттай дауыс беру үшін қағаз бюллетень"** – сырттай дауыс беруге арналған бюллетень, ол оны толтырғаннан кейін Орталық депозитарийге қағаз нұсқада қол қойылған түпнұсқа түрінде беруге жатады;
 - 2) **"күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін бюллетень"** – күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс қатысушыларының құпия дауыс беру қажеттігі кезінде пайдаланылатын күндізгі тәртіппен құпия дауыс беруге арналған бюллетень немесе (мәнмәтінге байланысты) алқалы орган мүшелерін сайлау туралы мәселе бойынша дауыс берген кезде күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс қатысушылары пайдаланатын кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетень;
 - 3) **"сырттай дауыс беру үшін бюллетень"** – сырттай немесе аралас жалпы жиналысты өткізген кезде пайдаланатын сырттай дауыс беруге арналған бюллетень немесе (мәнмәтінге байланысты) алқалы орган мүшелерін сайлау туралы мәселе бойынша дауыс берген кезде сырттай немесе аралас жалпы жиналыс қатысушылары пайдаланатын кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетень;
 - 4) **"сырттай жалпы жиналыс"** – жалпы жиналыс қатысушылары сырттай дауыс беру арқылы өткізетін жалпы жиналыс;

- 5) **"жалпы жиналыс бастамашысы"** – Орталық депозитарийге жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының қызметін алуға өтініш беруге ниетті (берген) заңды тұлға (мысалы, акционерлік қоғам, облигациялар эмитенті, жабық пайлық инвестициялық қорды басқарушы компания, шаруашылық серіктестік);
- 6) **"жалпы жиналыс"** – Орталық депозитарий санақ комиссиясының қызметін көрсетуге (көрсететін, көрсеткен) қатысты жиналыс (мысалы, акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы, облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы, жабық пайлық инвестициялық қор пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы немесе шаруашылық серіктестік қатысушылары және/немесе олардың өкілдерінің жалпы жиналысы);
- 7) **"күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс"** – отырыс өткізу арқылы өткізілетін жалпы жиналыс;
- 8) **"сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдау кезеңі"** – осы қабылдаудың басталуының белгіленген уақытының басталуымен және осы қабылдаудың аяқталуының белгіленген уақытының басталуы бойынша аяқталатын сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдауға рұқсат етілетін уақыт аралығы;
- 9) **"электронды дауыс беру жүйесі"** – сырттай және аралас жалпы жиналыс қатысушыларының сырттай дауыс беру үшін электронды бюллетеньдер бланкілерін алуға арналған Орталық депозитарийдің бағдарламалық қосымшасы, осы бюллетеньдерді электронды әдіспен толтыру және Орталық депозитарийге сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдерді тапсыру;
- 10) **"аралас жалпы жиналыс"** – жалпы жиналыс қатысушыларының аралас¹ дауыс беру арқылы өткізетін жалпы жиналыс;
- 11) **"санақ комиссиясының қызметі"** – санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша Орталық депозитарий қызметі;
- 12) **"жалпы жиналыс қатысушысы"** – жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлға;

¹ "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңының 49-бабының 1-тармағына сәйкес "сырттай дауыс беру акционерлер жалпы жиналысына қатысатын акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе акционерлер жалпы жиналысының отырысын өткізусіз қолданылуы мүмкін".

- 13) **"сырттай дауыс беру үшін электронды бюллетень"** – сырттай дауыс беруге арналған бюллетень, оның бланкісі Орталық депозитарийге электронды дауыс беру жүйесі арқылы электронды түрде беріледі және ол оны толтырғаннан кейін Орталық депозитарийге электронды дауыс беру жүйесі арқылы электронды түрде беруге жатады.
3. Осы Қағиданың мақсаты үшін:
 - 1) жалпы жиналыс бастамашысының өкіліне санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша Орталық депозитариймен өзара әрекет етуді жүзеге асыруға уәкілетті (уәкілеттенген) лауазымды тұлға немесе жалпы жиналыс бастамашысының қызметкері түсініледі;
 - 2) Орталық депозитарийдің қызметкеріне Орталық депозитарийдің атынан санақ комиссиясының функциясына жататын әрекеттерді орындайтын Орталық депозитарий қызметкерлері тобының құрамына кіретін Орталық депозитарий қызметкері түсініледі.

2-бап. Санақ комиссиясының қызметін көрсететін заңды тұлға

1. Орталық депозитарий акционерлік қоғамға олардың акционерлерінің жалпы жиналыстарына қатысты және өзге заңды тұлғаларға санақ комиссиясының қызметін көрсетуге құқылы, оларға осындай қызметті көрсету кезінде Орталық депозитарийдің қаржы нарығындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына "Бағалы қағазда рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тыйым бұзылмайды.
2. Санақ комиссиясының қызметін пайдалануға ниетті заңды тұлға Орталық депозитариймен Орталық депозитариймен іскерлік қатынасқа қатысушы болуы тиіс.

Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына сәйкес қызметтерді жүзеге асырған кезде Орталық депозитарий мен оның клиенттерінің арасындағы іскерлік қатынастарды орнату, қолдау мен оны тоқтату шарты мен тәртібі Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің "Іскерлік қатынастарды орнату, қолдау мен тоқтату қағидасы" ішкі құжатымен анықталады.
3. Нақты жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясын қызметін алу үшін аталған жиналыс бастамашысы Орталық депозитарийдің осы қызметті көрсетуге алдын ала келісімін алуы тиіс.

Көзделген келісімді алу шарты мен тәртібі осы Қағиданың 2-тарауымен анықталған.

4. Егер санақ комиссиясының функциясын Орталық депозитарийге жүктеу туралы шешім жоспарланған жағдайда, ол тікелей алдағы жалпы жиналыста қабылданатын болады, Орталық депозитарий бұрын өткізілген жалпы жиналыста санақ комиссиясының функциясын Орталық депозитарийге жүктеу туралы қолданыстағы шешім болмағанда, санақ комиссиясының қызметін көрсетуге кіріседі.

3-бап. Санақ комиссиясының қызметі көрсетілетін жалпы жиналыстар

1. Орталық депозитарий күндізгі тәртіппен өткізілетін, сырттай және аралас жалпы жиналыстарға, оның ішінде қайта өткізілетін жалпы жиналыстарға қатысты санақ комиссиясының қызметін көрсетеді.
2. Егер осы Қағидада өзге ештеңе арнайы белгіленбесе, онда Орталық депозитарийдің аралас жалпы жиналыстарға қатысты санақ комиссиясының қызметін көрсету шарты мен тәртібі анықталмайды.
Мұндай қызметтер Орталық депозитарийде күндізгі тәртіппен өткізілетін және сырттай жалпы жиналыстарға қатысты оның санақ комиссиясындағы қызметінің әрекеті ретінде көрсетіледі.

4-бап. Орталық депозитарийдің күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясы ретіндегі функциясы

Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты Орталық депозитарий жүзеге асыратын санақ комиссиясының функциясына мыналар кіреді:

- 1) жалпы жиналысқа қатысуға келген тұлғалардың өкілеттігін тексеру;
- 2) жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу;
- 3) қатысушыларға осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жалпы жиналыс материалдарын (олардың сұратуы бойынша) беру;
- 4) жалпы жиналыста кворумның болуын немесе жоқтығын анықтау, оның ішінде оны өткізудің бүкіл уақытында және осы жиналыста кворумның болуы немесе жоқтығы туралы хабарландыруды жариялау;
- 5) жиналысты өткізу кезінде оның отырысын тастап кеткен жалпы жиналысқа қатысушылар санын бақылау;
- 6) жалпы жиналысқа қатысушыларға (олардың сұратулары бойынша) олардың құқықтарын іске асыру туралы мәселелерді түсіндіру;
- 7) жалпы жиналысқа қатысушыларға күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер бланкілерін беру (осы жиналыстың күн тәртібінде алқалық орган мүшелерін сайлау туралы мәселелер және/немесе осы жиналысқа қатысушылардың құпия дауыс беруін болжайтын мәселелер болған кезде);

- 8) жалпы жиналысқа қатысушылар толтырған күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін бюллетеньдерді алу (жинау);
- 9) күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін бюллетеньдердің жарамдылығын анықтау;
- 10) күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін нақты толтырылған бюллетеньдердің санын және жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша онда көзделген дауыстарды санау;
- 11) жалпы жиналыста қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санау және осы жиналыста дауыс беру қорытындысын шығару;
- 12) жалпы жиналыстағы дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы жасау және қол қою;
- 13) күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін толтырылған, оның ішінде жарамды деп танылған бюллетеньдермен бірге тігілген жалпы жиналыстағы дауыс беру қорытындысы туралы жалпы жиналыс бастамашысының хаттамасын жасау және мұрағатқа тапсыру;
- 14) жалпы жиналыс хаттамасына қол қою.

5-бап.

Орталық депозитарийдің сырттай өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясы ретіндегі функциясы

Сырттай жалпы жиналысқа қатысты Орталық депозитарий жүзеге асыратын санақ комиссиясының функцияларына мыналар кіреді:

- 1) жалпы жиналысқа қатысушыларға сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер бланкілерін беру;
- 2) жалпы жиналысқа қатысушылар толтырған сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді алу (жинау);
- 3) сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтау;
- 4) сырттай дауыс беру үшін толтырылған жарамды бюллетеньдерді және онда көзделген жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс санын санау;
- 5) жалпы жиналыста қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санау және осы жиналыстағы дауыс беру қорытындысын шығару;
- 6) жалпы жиналыстағы дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы жасау және оған қол қою;
- 7) сырттай дауыс беру үшін толтырылған, оның ішінде жарамды деп танылған және сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдердің деректері бар қағаз бюллетеньдермен бірге тігілген жалпы жиналыстағы дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы құрастыру және жалпы жиналыстың бастамашысы мұрағатына өткізу;
- 8) жалпы жиналыс хаттамасына қол қою.

6-бап. Орталық депозитарийдің аралас жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясы ретіндегі функциясы

Аралас жалпы жиналысқа қатысты Орталық депозитарий жүзеге асыратын санақ комиссиясының функциясына күндізгі және сырттай жалпы жиналыстарға қатысты Орталық депозитарий жүзеге асыратын функциялар кіреді (бұл қаншалықты мүмкін болса, осы функцияларды үйлестірумен).

7-бап. Электронды дауыс беру жүйесі

1. Орталық депозитарий сырттай жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының функциясын электронды дауыс беру жүйесін пайдалану арқылы немесе аталған жүйені пайдаланусыз жүзеге асырады.
2. Электронды дауыс беру жүйесі электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған және ақпаратты қорғаудың бағдарламалық және/немесе аппараттық құралдарын пайдаланумен жұмыс істейді.
3. Электронды дауыс беру жүйесі Android және iOS операциялық жүйелері үшін мобильдік қосымшалар түрінде және веб-браузерлер үшін веб-қосымшалар түрінде болады.

Android және iOS операциялық жүйелері үшін мобильдік қосымшалар түріндегі электронды дауыс беру жүйесі сәйкесінше Google Play және App Store интернет-дүкендерінде орналастырылады.

Веб-браузерлер үшін веб-қосымшалар түріндегі электронды дауыс беру жүйесі аталған атаудағы электронды дауыс беру жүйесін орналастыруға және осы жүйені пайдалануға арналған Орталық депозитарий пайдаланатын арнайы интернет-сайтта орналастырылады.

4. Электронды дауыс беру жүйесін пайдалану қағидасы Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітіледі, осы баптың 3-тармағында көзделген Орталық депозитарийдің интернет-сайтында жарияланады, сондай-ақ толықтай немесе ішінара аталған жүйенің өзіне кіреді.
5. Жалпы жиналысқа қатысушылардың сырттай дауыс беру үшін электронды бюллетеньдер алуы және Орталық депозитарийге сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдерді беруі электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және аталған жүйенің қағидаларына сәйкес жүзге асырылады.
6. Электронды дауыс беру жүйесі онда орындалатын іс-әрекеттерге жауап ретінде автоматты орындайтын іс-әрекет Орталық депозитарийдің іс-әрекетіне заңды балама болып табылады.

8-бап. Санақ комиссиясының қызмет көрсету тәртібі

Жалпы жиналысты жүргізген кезде санақ комиссиясының функциялары Орталық депозитариймен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген немесе осы Қағиданың 3-тарауында берілген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының² заңнамасында соған ұқсас белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2-тарау. САНАҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ КЕЛІСІМІН АЛУЫ

9-бап. Жалпы ережелер

Санақ комиссиясының қызмет көрсетуге Орталық депозитарийден келісім алуы үшін жалпы жиналыс бастамашысы Орталық депозитарийге осы қызметті алуға өтініш (бұдан әрі осы тарауда – өтініш) беруі тиіс.

10-бап. Өтініш

1. Өтініш әрбір жеке жалпы жиналысқа Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалады.

Орталық депозитарий Басқармасы өзінің шешімімен (өзінің шешімдерімен) жалпы жиналыс санаттары бойынша сараланған өтініштің әртүрлі нысандарын бекітуге құқылы (мысалы, акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы, жабық пайлық инвестициялық қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы немесе шаруашылық серіктестікке қатысушылардың және/немесе олардың өкілдерінің жалпы жиналысы).

Орталық депозитарий өтініштің нысанын (нысандарын) өзінің интернет-сайтында жариялайды.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ештеңе белгіленбесе, жалпы жиналыс бастамашысы Орталық депозитарийге өтінішті Орталық депозитарийдің өтінішті алуы үшін осындай әдіспен және осындай мерзімде беруі тиіс:

1) күндізгі жалпы жиналысты шақырған кезде – осы жиналысты өткізудің белгіленген күніне дейін кемінде 25 күнтізбелік күн бұрын *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 4 мамырдағы шешімімен өзгертілді)*;

² Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-бабына сәйкес (Жалпы бөлім).

- 2) сырттай немесе аралас жалпы жиналысты шақырған кезде – осы жиналысты өткізудің белгіленген күніне дейін кемінде 40 күнтізбелік күн бұрын (сырттай дауыс беру үшін алынған толтырылған бюллетеньдердегі дауыстарды санау күні мен уақыты) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 4 мамырдағы шешімімен өзгертілді);*
3. Жалпы жиналыс бастамашысы Орталық депозитарийге ерікті нысанда жасалған тиісті хатты ұсынумен олар бұрын берген өтінішті кері қайтарып алуға құқылы.

Аталған хат Орталық депозитарийге Орталық депозитарий аталған хатты жалпы жиналысты өткізген күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей алуы үшін осындай әдіспен және осындай мерзімде берілуі тиіс.

11-бап. Өтінішке қоса тіркеуге жататын құжаттар

1. Жалпы жиналыс бастамашысы өтінішке Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбе бойынша құжаттарды қоса тіркеуі тиіс. Аталған тізбеде онда берілген құжаттарға қойылатын талаптар болады.

Орталық депозитарий Басқармасы өзінің шешімімен (өзінің шешімдерімен) жалпы жиналыс санаттары бойынша сараланған өтінішке қоса тіркеуге жататын құжаттардың әртүрлі тізбесін бекітуге құқылы (мысалы, акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы, жабық пайлық инвестициялық қордың пайларын ұстаушылардың жалпы жиналысы немесе шаруашылық серіктестікке қатысушылардың және/немесе олардың өкілдерінің жалпы жиналысы).

Орталық депозитарий өтінішке қоса тіркеуге жататын құжаттар тізбесін (тізбелерін) өзінің интернет-сайтында жариялайды.

2. Өтінішке қоса тіркеуге жататын құжаттар қолданылатын заңнамада белгіленген осындай құжаттарға қойылатын талаптарға, Қағидалар жинағына және Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбеге сәйкес келуі тиіс.

12-бап. Өтініштерді қарау

1. Орталық депозитарий өтінішті оны Орталық депозитарий қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

2. Өтініштерді қарау барысында Орталық депозитарий өтініш берген жалпы жиналыс бастамашысынан осы бастамашыға санақ комиссиясының қызметін көрсету туралы шешім қабылдау үшін қажетті қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Мұндай сұрату жағдайында осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім Орталық депозитарий сұратқан құжаттарды алғанға дейінгі уақытқа тоқтатылады.

Сұралған құжаттар оларға қолданылатын заңнамамен белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

3. Орталық депозитарийдің жалпы жиналыс бастамашысынан өтініш қабылдауы Орталық депозитарийге осы бастамашыға санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім беруге бірмәнді міндеттеме жүктемейді.
4. Орталық депозитарий өтініш берген жалпы жиналыс бастамашысына осы Қағиданың 13-бабында қарастырылған қатардағы негіздеме (негіздемелер) бойынша санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім беруден бас тартуға құқылы.
5. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім аяқталған сәттен кешіктірмей Орталық депозитарий өтініш берген жалпы жиналыс бастамашысына санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім туралы хабарлама немесе өтінішке сәйкес осы қызметті көрсетуге келісім беруден бас тартуға жазбаша хабарлама (осындай бас тарту негіздемесін көрсетумен) жібереді (береді).
6. Егер Орталық депозитарий электронды дауыс беру жүйесін пайдаланған жағдайда, оның сырттай жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім туралы хабарламасында аталған жүйенің деректемелері туралы мәлімет болуы тиіс, жалпы жиналысқа қатысушылар сол арқылы сырттай дауыс беру үшін электронды бюллетеньдер бланкілерін ала алады, осы бюллетеньдерді электронды әдіспен толтырады және Орталық депозитарийге сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдерді береді.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес сырттай жалпы жиналыс бастамашысы алған электронды дауыс беру жүйесінің деректемелері олар жариялайтын (тарататын) осы жиналысты өткізу туралы хабарламаға енгізуге жатады.

7. Жалпы жиналыс бастамашысына санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім туралы хабарламаны жіберген (жолдаған) күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында алдағы жалпы жиналыс туралы ақпарат жариялайды.

Осы Қағиданың 10-тармағының 3-тармағына сәйкес жалпы жиналыс бастамашысы өтініштен бас тартқан жағдайда, Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында тиісті ақпарат жариялайды.

13-бап. Орталық депозитарийдің өтінішке сәйкес санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім беруден бас тарту үшін негіздеме

Орталық депозитарий төмендегі кез келген негіздемелер бойынша өтінішке сәйкес санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім беруден бас тартады:

- 1) Орталық депозитарий мен өтініш берген тұлғаның арасында іскерлік қатынас болмағанда;
- 2) жалпы жиналыс бастамашысының оған бұрын Орталық депозитарий көрсеткен санақ комиссиясының қызметін төлеу бойынша мерзімі өткен берешегі болғанда;
- 3) ұқсас шешімдер қабылдауға уәкілеттенген мемлекеттік орган немесе сот қабылдаған жалпы жиналысты өткізуге тыйым туралы шешім болғанда;
- 4) Орталық депозитарий өтінішті осы Қағиданың 10-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімді бұзумен алғанда;
- 5) өтініштің Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысанға сәйкес келмегенде;
- 6) осы Қағиданың 11-бабына сәйкес өтінішке қоса тіркелген құжаттар Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбеге сәйкес келмегенде; және/немесе

Орталық депозитарийге осы Қағиданың 12-бабының 2-тармағына сәйкес олар сұраған барлық немесе жекелеген құжаттарды тапсырмағанда;

- 7) осы Қағиданың 11-бабына сәйкес өтінішке қоса тіркелген құжаттар қолданылатын заңнамамен, Қағидалар жинағымен және Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбеде белгіленген осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде; және/немесе

осы Қағиданың 12-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге тапсырылған құжаттардың қолданылатын заңнамамен белгіленген осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде;

- 8) өтініштің және осы Қағиданың 11-бабына сәйкес өтінішке қоса тіркелген немесе осы Қағиданың 12-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге тапсырылған құжаттардың мазмұнын, оның ішінде, алайда тізбеленгендерді шектеусіз, бір мәнде түсіну мүмкін болмағанда, толтыру үшін міндетті толтырылмаған алаңдар немесе түзетілген жерлер, түсініксіз жазулар, жазбалар болғанда;

- 9) өтініштегі және/немесе осы Қағиданың 11-бабына сәйкес өтінішке қоса тіркелген немесе осы Қағиданың 12-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге тапсырылған құжаттардағы қолтаңбаның (қолтаңбалардың) және/немесе мөрдің баспатаңбасының Орталық депозитарийге тапсырылған қолтаңбалар үлгілері және жалпы жиналыс бастамашысы мөрінің баспатаңбасы бар карточкадағы үлгіге (үлгілерге) сәйкес келмегенде (мұндай сәйкестік қажет болған жағдайда);
- 10) Орталық депозитарий өтінішке сәйкес санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім беруге немесе өтінішке сәйкес санақ комиссиясының қызметін көрсетуге қабілетсіз өзге себепті негіздеме бойынша.

14-бап. Құжаттар алмасу әдістері

1. Өтініш Орталық депозитарийге қағаз нұсқада түпнұсқа түрінде беріледі және оған жеке тұлға жеткізеді, ол Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру тәртібі" ішкі құжатының 12-бабының 3-тармағының әрекетіне жатады.

Орталық депозитарийге өтінішті берудің өзге әдістері клиентке бағдарлану және ақпараттық қауіпсіздік түсінігін ескере отырып, Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен (шешімдерімен) анықталады.
2. Осы Қағиданың 11-бабына сәйкес өтінішке қоса тіркеуге жататын құжаттар Орталық депозитарийге өтініш берілгендей әдіспен өтінішпен бірге беріледі.

Осы Қағиданың 12-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге беруге жататын құжаттар оған өтінішті қарауға жауапты Орталық депозитарий қызметкері көрсеткен әдіспен беріледі.
3. Орталық депозитарийдің санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісімі туралы хабарлама жалпы жиналыс бастамашысына өтініш берілгендей әдіспен жіберіледі (тапсырылады). Орталық депозитарий сондай-ақ осы хабарламаның файлын жалпы жиналыс бастамашысына жалпы жиналыс бастамашысының құжаттамасында көзделген мекенжайға электронды почтамен қосымша жібереді.
4. Орталық депозитарийдің өтінішке сәйкес санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім беруден бас тарту туралы жазбаша хабарламасы (осындай бас тарту негіздемесін көрсетумен) жалпы жиналыс бастамашысына өтініш берілгендей әдіспен жіберіледі (тапсырылады). Орталық депозитарий сондай-ақ осы хабарламаның файлын жалпы жиналыс бастамашысына жалпы жиналыс бастамашысының құжаттамасында көзделген мекенжайға электронды почтамен қосымша жібереді.

Сонымен қатар Орталық депозитарий жалпы жиналыс бастамашысына өтінішке сәйкес санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісім беруден бас тарту туралы Орталық депозитарийге қолжетімді кез келген әдіспен қосымша хабарлай алады.

15-бап. Жалпы жиналыс бастамашысының ерекше міндеттері

1. Орталық депозитарийдің санақ комиссиясының қызметін көрсетуге келісімі туралы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жалпы жиналыс бастамашысы міндетті:
 - 1) Орталық депозитарийге жалпы жиналысты өткізудің жалпы жиналыс бастамашысының ішкі құжаттарымен, оның органдарының және лаузымды тұлғаларының шешімдерімен белгіленген Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына толықтыру ретіндегі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен жол берілген Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына балама ретіндегі ерекшеліктері туралы ескертуге;
 - 2) Орталық депозитарийге, егер тек мұндай құжаттар және шешімдер Орталық депозитарий мен жалпы жиналыс бастамашысының арасындағы іскерлік қатынастарды белгілеу мен қолдау шегінде бұрын Орталық депозитарийге берілмесе, осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген құжаттар мен шешімдердің фото немесе цифрлық көшірмелерін беруге.
2. Жалпы жиналыс бастамашысы осы баптың 1-тармағында белгіленген міндеттердің бұзылушылығының кез келген салдары үшін, сондай-ақ аталған тармақта айтылған жалпы жиналысты өткізу ерекшеліктерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына кез келген ықтимал қайшылығы үшін толық жауапкершілік көтереді.
3. Жалпы жиналыс бастамашысы Орталық депозитарийге немесе оның қызметкеріне осы жиналысқа қатысушылар тізімін беруге міндетті (осы баптың 4-тармағында белгіленген ерекшеліктер мен өзгешеліктерді ескере отырып):
 - 1) күндізгі жалпы жиналысты шақырған кезде – Орталық депозитарий қызметкерлеріне осы жиналыс өтетін жерде;
 - 2) сырттай немесе аралас жалпы жиналысты шақырған кезде – Орталық депозитарийге сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдау уақыты басталғанға дейін.
4. Жалпы жиналыс бастамашысы Орталық депозитарийге немесе оның қызметкеріне, егер аталған тізімді Орталық депозитарий жасаса, осы жиналысқа қатысушылар тізімін беру міндетінен босатылады.

Жалпы жиналысқа қатысушылар тізіміне жалпы жиналысқа жеке өзінің қатысуына құқығы бар жеке тұлғаларды, сондай-ақ заңды тұлғалардың бірінші басшысы ретінде жалпы жиналысқа сенімхатсыз қатысуға құқығы бар жеке тұлғаларды сәйкестендіру үшін жеткілікті болып табылатын мәліметтер енгізілуі тиіс.

3-тарау. САНАҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

§ 1. Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс

16-бап. Жалпы жиналыс бастамашысының санақ комиссиясының қызметін алуға дайындалуы бойынша міндеті

1. Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс бастамашысы Орталық депозитарийдің қызметкерлерін осы жиналыс өтетін жерде төмендегілермен қамтамасыз етуге міндетті:
 - 1) санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдық техникамен, қондырғымен, құралдармен, шығыс материалдарымен, жазу қағаздары бұйымдарымен және кеңсе құралдарымен (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
 - 2) осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар данасының қажетті санымен;
 - 3) (осы жиналыстың күн тәртібінде алқалық органның мүшелерін сайлау туралы мәселелер және/немесе осы жиналысқа қатысушылардың құпия дауыс беруін болжайтын мәселелер болған кезде) сырттай тәртіппен құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер бланкілері данасының қажетті санымен;
 - 4) осы жиналысты өткізу үшін қажетті өзге құжаттармен және материалдармен, мысалы, тарату материалдарымен.
2. Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдық техникалардың, қондырғылардың, құралдардың, шығыс материалдарының, жазу қағаздары бұйымдарының және кеңсе құралдарының тізімі осы жиналыс бастамашысының өкілдері мен Орталық депозитарийдің арасындағы келіссөз арқылы күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа дайындалу барысында әрбір жекелеген жағдайда анықталады және Орталық депозитарий қызметкерлерінің өздерімен бірге алып жүрулеріне байланысты.

17-бап. Жалпы жиналысқа қатысуға келген тұлғалардың өкілеттігін тексеру ерекшеліктері

Орталық депозитарий қызметкерлері осы Қағидаға 1-қосымшада белгіленген алгоритмге сәйкес күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттігін тексеруді жүзеге асырады.

18-бап. Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу ерекшеліктері

1. Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеуді Орталық депозитарий қызметкерлері жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу электронды журналында жүзеге асырады.
2. Аралас жалпы жиналысты өткізген жағдайда, жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу электронды журналына сондай-ақ Орталық депозитарий барлық алған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдер де тіркеледі (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
3. Орталық депозитарий қызметкерлері жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу электронды журналының жекелеген бөлігіне Орталық депозитарий алған және осы тараудың 3-параграфына сәйкес жарамсыз деп танылған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді тіркейді.
4. Орталық депозитарий қызметкерлері жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу барысында оларға тарату материалдарын, сондай-ақ осы жиналысқа қатысушылардың сұратуы бойынша осы Қағиданың 16-бабының 1-тармағына сәйкес күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс бастамашысы Орталық депозитарий қызметкерлеріне берген осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды береді.
5. Орталық депозитарий қызметкерлері күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеуді осы тіркеуді аяқтау ретінде өтініште көзделген уақытта тоқтатады.

19-бап. Жалпы жиналыс кворумының болуын немесе жоқтығын анықтау ерекшеліктері

1. Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс кворумының болуын немесе жоқтығын Орталық депозитарий қызметкерлері осы жиналысқа қатысушыларды тіркеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ оны өткізудің бүкіл мерзімінің ішінде анықтайды.

Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс кворумының болуын немесе жоқтығын анықтау үшін Орталық депозитарий қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жиналыс бастамашысының ішкі құжаттарымен белгіленген осындай кворумға қойылатын талаптарды (Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтіндерге қатысты) басшылыққа алады.

2. Оны өткізу уақытының ішінде күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс кворумының болуын немесе жоқтығын Орталық депозитарий қызметкерлері оны өткізу кезінде осы жиналыс отырысынан кетіп қалған және қайтып келген күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысушылар санын бақылауды жүзеге асыру жолымен анықтайды.
3. Аралас жалпы жиналысты өткізген жағдайда, күндізгі тәртіппен өткізілетін кворумның болуын немесе жоқтығын Орталық депозитарий қызметкерлері Орталық депозитарий алған осы тараудың 3-параграфына сәйкес жарамды деп танылған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді ескере отырып анықтайды.
4. Орталық депозитарий қызметкерлері күндізгі тәртіппен өткізілетін кворумның болуы немесе жоқтығы туралы хабарландыруды осы жиналысты ашудың белгіленген уақыты басталғанға дейін осы жиналысқа қатысушыларды тіркеуді аяқтағаннан кейін бірден жариялайды.

Сонымен қатар Орталық депозитарий қызметкерлері, егер мұндай болмау күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыстың қандай да бір қатысушылары оны өткізу кезінде осы жиналыстың отырысын тастап кету себебінен туындаса, күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыста кворумның жоқтығы туралы хабарландырудың жариялауға міндетті.

Аталған хабарландырулар күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысты өткізетін жерде жарияланады және осы жиналысқа қатысу үшін келген барлық тұлғаларға жіберіледі.

5. Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыста кворум болмаған кезде ол осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы емес. Тиісінше, Орталық депозитарий қызметкерлері онда кворум болмаған кезде күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысушылар дауыстарын санауды жүзеге асырмайды.
 6. Егер кворумның болмау себебінен өткізілмеген күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс бастапқы болған жағдайда, Орталық депозитарий қызметкерлері осы жиналысқа қатысушыларға қолданылуы тек осы жиналысқа ғана берілген сенімхаттарды қоспағанда, олардан бұрын алған осы жиналысқа қатысу құқығына сенімхаттарды қайтарады.
- Егер кворумның болмау себебінен өткізілмеген күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс қайталама болған жағдайда, Орталық депозитарий қызметкерлері осы жиналысқа қатысушыларға олардан бұрын алған осы жиналысқа қатысу құқығына сенімхаттарды қайтармайды.

20-бап. Жалпы жиналысқа қатысушылардың дауыстарын санау ерекшеліктері

1. Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыстың күн тәртібінде алқа органдарының мүшелерін сайлау туралы мәселелер және/немесе осы жиналысқа қатысушылардың құпия дауыс беруін болжайтын мәселелер болған кезде Орталық депозитарий қызметкерлері осы жиналысқа барлық қатысушыларға күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер бланкілерін береді (әрбір осындай мәселені қарауды бастар алдында).
2. Күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдер осы тараудың 3-параграфына сәйкес жарамсыз немесе жарамды деп танылады.
3. Орталық депозитарий қызметкерлері күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысушылар дауыстарын санауды жүзеге асырады, әрбір рәсімдік мәселені және осы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір жеке мәселені қарауды аяқтағаннан кейін дайыс беру қорытындысын шығарады және жариялайды.

Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысушылардың алқа органдарының мүшелерін сайлау туралы мәселе бойынша және ол бойынша осы жиналысқа қатысушылардың құпия дауыс беруі жүргізілген мәселелер бойынша дауыстарын санауды Орталық депозитарий қызметкерлері осы тараудың 3-параграфына сәйкес жарамды деп танылған күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін олар алған толтырылған бюллетеньдер негізінде, ал осы жиналыстың күн тәртібіндегі қалған мәселелер бойынша – көрнекі әдіспен жүзеге асырады.

Аралас жалпы жиналысты өткізген жағдайда, жиналысқа қатысушылар дауыстарын санаған кезде Орталық депозитарий алған осы тараудың 3-параграфына сәйкес жарамды деп танылған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердегі дауыстар есептеледі.

4. Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысушылар дауыстарының қорытындысын Орталық депозитарий қызметкерлері дауыс беру қорытындысы туралы хаттамада ыкөрсетеді.

§ 2. Сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс

21-бап. Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер бланктерін жасау ерекшеліктері

Орталық депозитарий сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысты санақ комиссиясының қызметін жүзеге асырған кезде сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер бланкілері осы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір жеке мәселе бойынша жасалуы тиіс.

22-бап. Сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдау ерекшеліктері

1. Орталық депозитарий сырттай тәртіппен өткізілген жалпы жиналысқа қатысушылар толтырған сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді тек осындай бюллетеньдерді қабылдаудың белгіленген кезеңінде ғана қабылдайды.

Атап айтқанда, электронды дауыс беру жүйесін пайдаланған кезде ол Орталық депозитарийге сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді аталған кезеңнен тыс беруге мүмкіндік бермейді.

2. Орталық депозитарий алған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді тіркеуді Орталық депозитарий қызметкерлері жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеудің электронды журналында жүзеге асырады (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
3. Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеудің электронды журналының жекелеген бөлігінде Орталық депозитарий қызметкерлері Орталық депозитарий алған және осы тараудың 3-параграфына сәйкес жарамсыз деп таныған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді тіркейді.
4. Сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдер осы тараудың 3-параграфына сәйкес жарамсыз немесе жарамды деп танылады.
5. Орталық депозитарий жалпы жиналыс қатысушысына сырттай дауыс беру үшін олар толтырған бюллетеннің осы бюллетеннің қандай түрде берілетіндігіне байланысты жарамсыз деп танылғаны туралы хабарлайды.

Егер осы бюллетень қағаз болған жағдайда, Орталық депозитарий бұл туралы жалпы жиналыстың аталған қатысушысына Орталық депозитарийге қолжетімді және осы бюллетенді жарамсыз деп таныған сәттен бастап 12 жұмыс сағатының ішінде жалпы жиналыстың осы қатысушысына көзделген хабарламаны жіберуді қамтамасыз ететін кез келген әдіспен хабарлайды.

Егер осы бюллетень электронды болған жағдайда, Орталық депозитарий бұл туралы жалпы жиналыстың аталған қатысушысына хабарламайды. Бұл ретте электронды дауыс беру жүйесінің осы бюллетенді қабылдаудан бас тартуы Орталық депозитарийдің жалпы жиналыстың аталған қатысушысына жолданған осы бюллетенді жарамсыз деп тану туралы хабарламасына теңестіріледі.

23-бап. Жалпы жиналыс кворумының болуын немесе оның жоқтығын анықтау ерекшеліктері

1. Сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс кворумының болуын немесе оның жоқтығын Орталық депозитарий қызметкерлері олар алған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді тіркеу нәтижелері бойынша анықтайды.

Сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс кворумының болуын немесе оның жоқтығын анықтау үшін Орталық депозитарий қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жиналыс бастамашысының ішкі құжаттарымен (атап айтқанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін) белгіленген осындай кворумға қойылатын талаптарды басшылыққа алады.

2. Орталық депозитарий қызметкерлері сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс кворумының болуын немесе оның жоқтығын осы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір жекелеген мәселеге қарай анықтайды.
3. Орталық депозитарий қызметкерлері сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс кворумының болуы немесе оның жоқтығы туралы хабарландыруды Орталық депозитарий алған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді тіркеуді аяқтағаннан кейін бірден осы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір жекелеген мәселеге қарай хабарлайды.

Аталған хабарландыру сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс бастамашысына жолданады.

4. Осы жиналыстың күн тәртібіндегі барлық немесе жекелеген мәселелерге қарай сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыста кворум болмаған кезде ол осы мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы. Сәйкесінше, Орталық депозитарий қызметкерлері онда кворум болмаған кезде сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс қатысушыларының дауыстарын санауды жүзеге асырмайды.

24-бап. Жалпы жиналысқа қатысушылардың дауыстарын санау ерекшеліктері

1. Орталық депозитарий қызметкерлері сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс қатысушыларының дауыстарын есептеуді Орталық депозитарий алған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдер дауыстарын санау күні мен уақыты ретінде өтініште көзделген күн мен уақытта жүзеге асырады.

Сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс қатысушыларының дауыстарын есептеуді Орталық депозитарий қызметкерлері Орталық депозитарий алған осы тараудың 3-параграфына сәйкес жарамды деп танылған сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдер негізінде осы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір жеке мәселе бойынша жүзеге асырады.

2. Сырттай тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс қатысушылары дауыстарының қорытындысы Орталық депозитарий қызметкерлерінің дауыс беру қорытындысы туралы хаттамасында көрсетіледі.

§ 3. Күндізгі тәртіппен құпия немесе сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньді жарамды немесе жарамсыз деп тану

1. Күндізгі тәртіппен құпия дауыс беру үшін толтырылған бюллетень (бұдан әрі осы бапта – бюллетень) кез келген келесідей негіздемелер бойынша жарамсыз деп танылады:
 - 1) бюллетеньде толтыру үшін міндетті толтырылмаған алаң қалғанда;
 - 2) бюллетеннің толтырылған алаңында осы алаңның мазмұнын толықтай немесе ішінара тануға мүмкіндік бермейтін мәтіндік бұрмалаулар болғанда (мысалы, түзетілген жерлер, анық емес жазбалар, сызықтар);
 - 3) бюллетеннің толтырылған алаңында анық емес мәліметтер болғанда (дауыс беру нұсқасын таңдауға әсер етпейтін орфографиялық қателерді қоспағанда);
 - 4) бюллетеньді толтырған кезде онда белгіленген дауыс беру тәртібі сақталмағанда;
 - 5) бюллетеньде дауыс берудің бірнеше ықтимал нұсқалары белгіленсе;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге негіздеме бойынша.
2. Бюллетень егер ол осы баптың 1-тармағына сәйкес жарамсыз деп танылмаса, жарамды деп танылады.
3. Бюллетеньді жарамсыз немесе жарамды деп тану мүмкіндігін тексеруді Орталық депозитарий қызметкерлері тікелей бюллетеньді алған және өндеген кезде жалпы жиналысты күндізгі тәртіппен өткізу барысында жүзеге асырады.

26-бап. Сырттай дауыс беру үшін толтырылған қағаз бюллетеньді жарамды немесе жарамсыз деп тану

1. Сырттай дауыс беру үшін толтырылған қағаз бюллетень (бұдан әрі осы бапта – бюллетень) кез келген келесідей негіздемелер бойынша жарамсыз деп танылады:
 - 1) Орталық депозитарий бюллетеньді сырттай дауыс беру үшін толтырылған қағаз бюллетеньдерді қабылдаудың белгіленген кезеңінен тыс алса;
 - 2) бюллетень белгіленген нысанға сәйес келмесе;
 - 3) бюллетеньде толтыру үшін міндетті толтырылмаған алаң қалса;
 - 4) бюллетеннің толтырылған алаңында осы алаңның мазмұнын толықтай немесе ішінара тануға мүмкіндік бермейтін мәтіндік бұрмалаулар болғанда (мысалы, түзетілген жерлер, анық емес жазбалар, сызықтар);

- 5) бюллетеннің толтырылған алаңында анық емес мәліметтер болғанда (дауыс беру нұсқасын таңдауға әсер етпейтін орфографиялық қателерді қоспағанда);
 - 6) бюллетенді толтырған кезде онда белгіленген дауыс беру тәртібі сақталмағанда;
 - 7) бюллетенде дауыс берудің бірнеше ықтимал нұсқалары белгіленсе;
 - 8) бюллетенге қол қойылмаса;
 - 9) (егер бюллетен Орталық депозитарийге жалпы жиналысқа қатысушының – жеке тұлғаның атынан тапсырылса) бюллетендегі қолтаңба Орталық депозитарийдегі осы жеке тұлғаның қолтаңба үлгісіне сәйкес келмесе;
 - 10) (егер бюллетен Орталық депозитарийге жалпы жиналысқа қатысушының – заңды тұлғаның атынан тапсырылса) бюллетендегі қолтаңба осы заңды тұлғаның атынан бірінші қол қою құқығына ие тұлға қолтаңбасының Орталық депозитарийдегі осы заңды тұлғаның қолтаңбалар үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар карточкадағы үлгіге сәйкес келмесе;
 - 11) (егер бюллетен Орталық депозитарийге жалпы жиналысқа қатысушының – заңды тұлғаның атынан тапсырылса) бюллетенде осы заңды тұлға мөрінің баспа-таңбасы болмаса (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы заңды тұлға өзінің қызметін мөрсіз жүзеге асырған жағдайды қоспағанда);
 - 12) (егер бюллетен Орталық депозитарийге жалпы жиналысқа қатысушының – заңды тұлғаның атынан тапсырылса) бюллетендегі мөрдің баспа-таңбасы Орталық депозитарийдегі осы заңды тұлғаның қолтаңбалар үлгілері мен мөрдің баспа-таңбасы бар карточкадағы үлгіге сәйкес келмесе;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де негіздеме бойынша.
2. Бюллетен егер ол осы баптың 1-тармағына сәйкес жарамсыз деп танылмаса, жарамды деп танылады.
 3. Бюллетенді жарамды немесе жарамсыз деп тану мүмкіндігін тексеруді Орталық депозитарий қызметкерлері Орталық депозитарий бюллетенді алған сәттен бастап 12 жұмыс сағатының ішінде жүзеге асырады.

27-бап. Сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньді жарамды немесе жарамсыз деп тану

1. Сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетень (бұдан әрі осы бапта – бюллетень) төмендегі негіздемелердің кез келгені бойынша жарамсыз деп танылады:
 - 1) бюллетень Орталық депозитарийге электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықпен берілсе;
 - 2) бюллетень Орталық депозитарийге электронды дауыс беру жүйесінің қағидасын бұзушылықпен берілсе;
 - 3) бюллетень белгіленген нысанға сәйкес келмесе;
 - 4) бюллетень бойынша бюллетеньді электронды цифрлық қолтаңба арқылы куәландырғаннан кейін оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жоқтығына тексерудің теріс нәтижесін алғанда;
 - 5) сол арқылы бюллетень куәландырылған, оның көмегімен электронды цифрлық қолтаңба жасалған тіркеу куәлігі осы қолтаңбаны қалыптастыру кезінде жарамсыз болса;
 - 6) бюллетеньде оны толықтай немесе ішінара тануға мүмкіндік бермейтін мәтіндік бұрмалаушылықтар болса;
 - 7) бюллетеньді қабылдау және/немесе өңдеу техникалық мүмкін емес (техникалық мүмкін емес болып табылады);
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қағидада және Орталық депозитарийдің басқа ішкі құжаттарында қарастырылған өзге де негіздеме бойынша.
2. Бюллетень егер ол осы баптың 1-тармағына сәйкес жарамсыз болмаса, жарамды деп танылады.
3. Бюллетеннің жарамдылығын немесе жарамсыздығын тану мүмкіндігін тексеру осы бюллетеньді толтыру барысында автоматты режимде электронды дауыс беру жүйесімен жүзеге асырылады.

Электронды дауыс беру жүйесімен жарамсыз деп танылған бюллетень онда қабылданбайды және сәйкесінше Орталық депозитарийге берілмейді.

§ 4. Жалпы жиналысты құжаттау

28-бап. Өткізілген жалпы жиналысты құжаттау ерекшеліктері

1. Өткізілген жалпы жиналыс аяқталғанда, Орталық депозитарий қызметкерлері осы Қағидаға 2-қосымшада белгіленген құрамда осы жиналыс құжаттарының екі жиынтығын құрастырады.

2. Өткізілген жалпы жиналыс құжаттарының бірінші жиынтығын Орталық депозитарий қызметкерлері осы жиналыс жабылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде осы жиналыс бастамашысының өкіліне береді (көзделген жиынтықтың екіншісінің соңғы парағының сыртқы бетіне қолтаңбамен). Бұл ретте мұндай бергенге дейінгі кезеңде Орталық депозитарий қызметкерлері осы жиналыс хатшысына осы жиналыс хаттамасын құрастыру үшін қажетті мәліметтерді, атап айтқанда осы жиналысқа қатысушылар саны туралы, оны кворумы туралы және осы жиналыс қатысушылары берген дауыстар саны туралы мәліметті беруге құқылы.
3. Өткізілген жалпы жиналыс құжаттарының екінші жиынтығын Орталық депозитарий қызметкерлері өзінің офисіне дейін жеткізеді және осы жиынтықты Орталық депозитарийдің мұрағатына тапсырады.

29-бап. Өткізілмеген жалпы жиналысты құжаттау ерекшеліктері

1. Өткізілмеген жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталғанда, Орталық депозитарий қызметкерлері осы Қағидаға 3-қосымшада белгіленген құрамда осы жиналыс құжаттарының екі жиынтығын құрастырады.
2. Өткізілмеген жалпы жиналыс құжаттарының бірінші жиынтығын Орталық депозитарий қызметкерлері өтініште төмендегідей көзделген келесі уақыттың басталуы бойынша 12 жұмыс сағатының ішінде осы жиналыс бастамашысының өкіліне береді (көзделген жиынтықтың екіншісінің соңғы парағының сыртқы бетіне қолтаңбамен):
 - 1) (егер бұл жиналыс күндізгі тәртіппен өткізілетін болса) осы жиналысқа қатысушыларды тіркеуді аяқтау уақыты;
 - 2) (егер бұл жиналыс сырттай тәртіппен өткізілетін болса) сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдауды аяқтау уақыты.
3. Өткізілмеген жалпы жиналыс құжаттарының екінші жиынтығын Орталық депозитарий қызметкерлері өзінің офисіне дейін жеткізеді және осы жиынтықты Орталық депозитарийдің мұрағатына тапсырады.

30-бап. Жалпы жиналыс хаттамасына Орталық депозитарий қызметкерлерінің қол қою ерекшеліктері

- Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналыс хаттамасына қол қойған кезде Орталық депозитарий қызметкерлері:
- 1) осы хаттамада көзделген Орталық депозитарий қызметкерлері туралы мәліметтердің дұрыстығын тексереді;

- 2) осы хаттамада көзделген осы жиналысқа қатысушылар туралы, осы жиналыста кворумның болуы немесе жоқтығы туралы мәліметтердің дұрыстығын тексереді;
- 3) (әрбір процедуралық мәселенің және осы жиналыстың күн тәртібінің әрбір жеке мәселесінің шегінде) осы хаттамада көзделген дауыс берудің әрбір нұсқасы бойынша осы жиналысқа қатысушылар дауыстарының санының дұрыстығын тексереді;
- 4) жалпы жиналысқа қатысушылар саны туралы, оның кворумы туралы және жалпы жиналысқа қатысушылар берген дауыс саны туралы мәліметтердің дұрыстығына растамаға "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ атынан қол қойылды" жазбасын енгізеді".

4-тарау. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

31-бап. Санақ комиссиясының қызметін төлеу

1. Санақ комиссиясының қызметі Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" Орталық депозитарийдің ішкі құжатына сәйкес төленеді (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктері ескере отырып).
2. Өткізілмеген жалпы жиналысқа қатысты Орталық депозитарий көрсеткен санақ комиссиясының қызметі көрсетілген деп саналады және төлеуге жатады. Сәйкесінше санақ комиссиясының қызметін және Орталық депозитарий шығындарын өтеуге алымды жүзеге асырғаны үшін Орталық депозитарий тарифі жалпы жиналыстың өткізілгеніне немесе өткізілмегеніне, оның бастапқы немесе қайталама болып табылатынына қарамастан төлеуге жатады.

32-бап. Қорытынды ереже

1. Осы Қағидамен анықталмаған реттеу тәртібінің мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге жатады.
2. Егер осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасымен қолданысқа енгізілгеннен кейін осы Қағида нормаларынан айрықшаланатын ережелер белгіленетін болса, Орталық депозитарий осы ережелерді басшылыққа алатын болады.

Президент

Б.Х. Капышев

Санақ комиссиясының
функцияларын жүзеге
асыру бойынша қызмет
көрсету қағидасына

1-қосымша

**Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысу үшін келетін тұлғалар
өкілеттігін тексеру**

А Л Г О Р И Т М І

Қадам	Әрекет	Ескертпе
А	1	2
1	Жалпы жиналысқа жеке қатысу үшін келген жеке тұлғалардың атын және жалпы жиналысқа қатысу үшін келген өкілдердің, заңды тұлғалардың атауларын осы жиналысқа қатысушылар тізімімен салыстыру	
2	Жалпы жиналысқа қатысу үшін келген жеке тұлғалардың (оның ішінде заңды тұлғалар өкілдерін) жеке бастарын көзделген тұлғалардың белгілерімен салыстыру арқылы олар ұсынған жеке бастарын куәландыратын құжаттар деректерімен сәйкестендіру	1 нұсқаулықты қараңыз
3	Жалпы жиналысқа қатысу үшін келген жеке тұлғалар (оның ішінде заңды тұлғалар өкілдері) ұсынған олардың жеке бастарын куәландыратын құжаттардың түпнұсқалығын көрнекі тексеру	
4	Заңды тұлға өкілдері ретінде жалпы жиналысқа қатысу үшін келген жеке тұлғалардың өкілеттігін тексеру	2–4 нұсқаулықты қараңыз

Күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа қатысу үшін келген жеке тұлғалардың өкілеттігін тексеру бойынша нұсқаулық.

1. "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жеке басты куәландыратын және азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасаған кезде рұқсат етілген құжаттар мыналар болып табылады:
 - 1) Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты;
 - 2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
 - 3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұру ықтиярхаты;
 - 4) азаматтығы жоқ тұлғалардың куәлігі;

- 5) шетел төлқұжаты;
 - б) туу туралы куәлік.
2. Заңды тұлғаның бірінші басшысы ретінде сенімхатсыз жалпы жиналысқа қатысу үшін келген жеке тұлғаның өкілеттігін тексеру аталған тұлғаның жеке басын жалпы жиналысқа қатысушылар тізіміне кіретін заңды тұлғалардың бірінші басшылары туралы мәліметтермен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.
 3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы заңнамамен белгіленген құжаттар (мысалы, қамқоршы, жанашыр, заңды өкіл ретінде) негізінде басқа тұлғаның атынан әрекет етуге құқылы тұлға ретінде жалпы жиналысқа қатысу үшін келген жеке тұлғаның өкілеттігін тексеру осындай құқықты растайтын құжаттарды талап ету және осындай құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру арқылы жүзеге асырылады.
 4. Сенімхат негізінде басқа тұлғаның атынан әрекет етуге құқылы тұлға ретінде жалпы жиналысқа қатысу үшін келген жеке тұлғаның өкілеттігін тексеру осы жеке тұлғаның атына берілген сенімхатты талап ету және осы сенімхаттың мақсаты мен мерзімінің жалпы жиналыс сипаттамасына сәйкестігіне тексеру, сондай-ақ осы сенімхаттың түрі мен мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Санақ комиссиясының
функцияларын жүзеге асыру
бойынша қызмет көрсету
қағидасына

2-қосымша

**Өткізілген жалпы жиналыс құжаттары жиынтығының
ҚҰРАМЫ**

№ р/н	1 жиынтық	2 жиынтық	Ескертпе
1	Орталық депозитарийге берілген санақ комиссиясының қызметін алуға берілген өтініштің көшірмесі		1 нұсқаулықты қараңыз
2	Жалпы жиналысқа қатысу құқығына сенімхат	Жалпы жиналысқа қатысу құқығына сенімхаттар көшірмелері	Тек күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысты өткізген кезде ғана. 1 нұсқаулықты қараңыз
3	Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеудің электронды журналын басып шығару	Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеудің электронды журналын басып шығару	Орталық депозитарий қызметкерлері қол қояды
4	Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама	Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама	Орталық депозитарий қызметкерлері құрастырады және қол қояды

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету қағидасы

№ р/н	1 жиынтық	2 жиынтық	Ескертпе
5	Күндізгі құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер тізімдемесі	Күндізгі құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер тізімдемесі	Тек күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысты өткізген кезде ғана. Орталық депозитарий қызметкерлері құрастырады және қол қояды. Тізімдемеге тек Орталық депозитарий қызметкерлері алған (жинаған) мәліметтер кіреді. Сондай-ақ 2 нұсқаулықты қараңыз
6	Күндізгі құпия дауыс беру үшін толтырылған, оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер	Күндізгі құпия дауыс беру үшін толтырылған, оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер көшірмелері	Тек күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысты өткізген кезде ғана. Жиынтыққа тек бюллетеньдер немесе Орталық депозитарий қызметкерлері алған (жинаған) бюллетеньдердің көшірмелері ғана кіреді. Сондай-ақ 1 нұсқаулықты қараңыз
7	Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер тізімдемесі	Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер тізімдемесі	Тек сырттай немесе аралас жалпы жиналысты өткізген кезде. Орталық депозитарий қызметкерлері құрастырады және қол қояды. Тізімдемеге Орталық депозитарий алған бюллетеньдер туралы мәліметтер ғана кіреді. Сондай-ақ 3 нұсқаулықты қараңыз

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету қағидасы**

№ р/н	1 жиынтық	2 жиынтық	Ескертпе
8	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған қағаз бюллетеньдер, оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған қағаз бюллетеньдер, оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер көшірмелері	Тек сырттай немесе аралас жалпы жиналысты өткізген кезде ғана. Жиынтыққа Орталық депозитарий алған бюллетеньдер немесе бюллетеньдер көшірмелері ғана кіреді. Сондай-ақ 1 нұсқаулықты қараңыз
9	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдерді басып шығару	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдерді басып шығару	Тек сырттай немесе аралас жалпы жиналысты өткізген кезде. Жиынтыққа тек Орталық депозитарий алған бюллетеньдерді басып шығару ғана кіреді
10		Сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдер көшірілген электронды деректердің сыртқы тасымалдағышы бар конверт	Тек сырттай немесе аралас жалпы жиналысты өткізген кезде. Электронды деректерді сыртқы тасымалдағыш ретінде CD-дискі, USB-флеш-жинақтағыш немесе барлық жерде қолданылатын өзге ықтимал электронды деректерді сыртқы тасымалдағыш пайдаланылады

Құжаттар жиынтығын қалыптастыру бойынша нұсқаулық.

1. Жиынтыққа құжаттар емес, олардың көшірмелері кірген жағдайда, Орталық депозитарий қызметкерлері құжаттардың көшірмелерін оларды қағаз нұсқаға фотокөшіру арқылы немесе осы құжаттардың цифрлық көшірмелерін pdf. форматында алумен сканерлеу арқылы түсіреді.

2. Күндізгі құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер тізімдемесіне келесідей мәліметтер кіреді:
 - 1) жалпы жиналыс туралы жалпы мәлімет (осы жиналыс бастамашысының атауы, осы жиналыс өтетін жер, күні мен уақыты);
 - 2) санақ комиссиясының функциясын Орталық депозитарийде жүзеге асырылғанына нұсқау;
 - 3) (жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір жекелей мәселе шегінде, ол бойынша дауыс беру күндізгі құпия дауыс беру үшін бюллетень бойынша жүзеге асырылған):

күндізгі құпия дауыс беру үшін берілген бюллетеньдер бланкілерінің саны туралы мәлімет;

Орталық депозитарий қызметкерлері алған күндізгі құпия дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердің жалпы саны туралы, сондай-ақ жарамды және жарамсыз деп танылған осындай бюллетеньдердің саны туралы мәлімет.
3. Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер тізімдемесіне келесідей мәліметтер кіреді:
 - 1) жалпы жиналыс туралы жалпы мәлімет (осы жиналыс бастамашысының атауы, осы жиналыс өтетін орын, күні мен уақыты, сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдауды бастау күні мен уақыты, сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдауды аяқтау күні мен уақыты, сырттай дауыс беру үшін алынған толтырылған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау күні мен уақыты);
 - 2) санақ комиссиясы функциясының Орталық депозитарийде жүзеге асырылғанына нұсқаулық;
 - 3) (жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір жеке мәселе шегінде):

сырттай дауыс беру үшін Орталық депозитарий алған толтырылған қағаз бюллетеньдердің жалпы саны туралы, сондай-ақ жарамды немесе жарамсыз деп танылған осындай бюллетеньдердің саны туралы мәлімет;

сырттай дауыс беру үшін Орталық депозитарий алған толтырылған қағаз бюллетеньдердің саны туралы мәлімет.
4. Орталық депозитарий қызметкерлері жалпы жиналыс құжаттарының әрбір жиынтығын тігеді, әрбір парағын парақтап нөмірлейді және осы жиынтықты тігу түйіншегіне және ішінара соңғы беттің сыртқы бетіне желімделген қағаз пломбамен бекітеді.

Ішінара қағаз пломбаға және ішінара құжаттар жиынтығының соңғы парағының сыртқы бетіне Орталық депозитарий қызметкерінің қолтаңбасы және осы жиынтықтағы бет саны туралы жазба салынуы тиіс.

Санақ комиссиясының
функцияларын жүзеге асыру
бойынша қызмет көрсету
қағидасына

3-қосымша

**Өткізілмеген жалпы жиналыс құжаттары жиынтығының
Қ Ұ Р А М Ы**

№ р/н	1 жиынтық	2 жиынтық	Ескертпе
1	Санақ комиссиясының қызметін алуға Орталық депозитарийге берілген өтініштің көшірмесі	Санақ комиссиясының қызметін алуға Орталық депозитарийге берілген өтініштің көшірмесі	1 нұсқаулықты қараңыз
2	Жалпы жиналысқа қатысу құқығына сенімхат	Жалпы жиналысқа қатысу құқығына сенімхаттар көшірмелері	Егер жалпы жиналыс бастапқы болса, жиынтыққа қолданылуы тек аталған жиналысқа ғана таратылатын сенімхаттар ғана кіреді. 1 нұсқаулықты қараңыз
3	Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеудің электронды журналын басып шығару	Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеудің электронды журналын басып шығару	Орталық депозитарий қызметкерлері қол қояды

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету қағидасы**

№ р/н	1 жиынтық	2 жиынтық	Ескертпе
4	Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер тізімдемесі	Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер тізімдемесі	Тек сырттай немесе аралас жалпы жиналысты өткізген кезде ғана. Орталық депозитарий қызметкерлері құрастырады және қол қояды. Тізімдемеге Орталық депозитарий алған бюллетеньдер туралы мәліметтер ғана кіреді. Сондай-ақ 2 нұсқаулықты қараңыз
5	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған қағаз бюллетеньдер, оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған қағаз бюллетеньдер, оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер көшірмелері	Тек сырттай немесе аралас жалпы жиналысты өткізген кезде ғана. Жиынтыққа тек алдыңғы бюллетеньдер немесе Орталық депозитарий алған бюллетеньдер көшірмелері кіреді. Сондай-ақ 1 нұсқаулықты қараңыз
6	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдерді басып шығару	Сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдерді басып шығару	Тек сырттай немесе аралас жалпы жиналысты өткізген кезде ғана. Жиынтыққа тек Орталық депозитарий алған бюллетеньдерді басып шығару кіреді.
7	Жалпы жиналыста кворумның жоқтығы туралы акті	Жалпы жиналыста кворумның жоқтығы туралы акті	Орталық депозитарий қызметкерлері құрастырады және қол қояды. 3 нұсқаулықты қараңыз

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету қағидасы

№ р/н	1 жиынтық	2 жиынтық	Ескертпе
8		Сырттай дауыс беру үшін толтырылған электронды бюллетеньдер көшірілген электронды деректерді сыртқы тасымалдағыш бар конверт	Тек сырттай немесе аралас жалпы жиналыс өткізген кезде ғана. Электронды деректерді сыртқы тасымалдағыш ретінде CD-дискі, USB-флеш-жинақтағыш немесе барлық жерде қолданылатын өзге ықтимал электронды деректерді сыртқы тасымалдағыш пайдаланылады

Құжаттар жиынтығын қалыптастыру бойынша нұсқаулық.

1. Жиынтыққа құжаттар емес, олардың көшірмелері кірген жағдайда, Орталық депозитарий қызметкерлері құжаттардың көшірмелерін оларды қағаз нұсқаға фотокөшіру арқылы немесе осы құжаттардың цифрлық көшірмелерін pdf. форматында алумен сканерлеу арқылы түсіреді.
2. Сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер тізімдемесіне келесідей мәліметтер кіреді:
 - 1) жалпы жиналыс туралы жалпы мәлімет (осы жиналыс бастамашысының атауы, осы жиналыс өтетін орын, күні мен уақыты, сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдауды бастау күні мен уақыты, сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдауды аяқтау күні мен уақыты, сырттай дауыс беру үшін алынған толтырылған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау күні мен уақыты);
 - 2) санақ комиссиясы функциясының Орталық депозитарийде жүзеге асырылғанына нұсқаулық;
 - 3) (жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі әрбір жеке мәселе шегінде):

сырттай дауыс беру үшін Орталық депозитарий алған толтырылған қағаз бюллетеньдердің жалпы саны туралы, сондай-ақ жарамды немесе жарамсыз деп танылған осындай бюллетеньдердің саны туралы мәлімет;

сырттай дауыс беру үшін Орталық депозитарий алған толтырылған қағаз бюллетеньдердің саны туралы мәлімет.

3. Жалпы жиналыста кворумның жоқтығы туралы актіге келесідей мәліметтер кіреді:
 - 1) жалпы жиналыс туралы жалпы мәлімет (осы жиналыс бастамашысының атауы, санақ комиссиясының қызметін алуға мәлімдеме көзделген орын, осы жиналыстың өту күні мен уақыты, сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдауды бастау күні мен уақыты, сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді қабылдауды аяқтау күні мен уақыты, сырттай дауыс беру үшін алынған толтырылған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау күні мен уақыты);
 - 2) санақ комиссиясы функциясының Орталық депозитарийде жүзеге асырылғанына нұсқаулық;
 - 3) жалпы жиналыстың кворумына қойылған Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жиналыс бастамашысының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар туралы мәліметтер (атап айтқанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайғы келмейтін);
 - 4) күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысқа тіркелген қатысушылардың жалпы саны туралы және/немесе сырттай дауыс беру үшін Орталық депозитарий алған жалпы жиналыста кворумның болуын немесе оның жоқтығын анықтау мақсаты үшін жарамды деп танылған толтырылған бюллетеньдердің жалпы саны туралы мәлімет;
 - 5) "Кворум жоқ" жазбасы.
4. Орталық депозитарий қызметкерлері жалпы жиналыс құжаттарының әрбір жиынтығын тігеді, әрбір парағын парақтап нөмірлейді және осы жиынтықты тігу түйіншегіне және ішінара соңғы беттің сыртқы бетіне желімделген қағаз пломбамен бекітеді.

Ішінара қағаз пломбаға және ішінара құжаттар жиынтығының соңғы парағының сыртқы бетіне Орталық депозитарий қызметкерінің қолтаңбасы және осы жиынтықтағы бет саны туралы жазба салынуы тиіс.